

Осы ауылдардың Қазықұрт жағындағы бір биік төбе басында бір адам тұр. Қой-қозысы маңырап, балалары жылап азан-қазан болып жатқан ылдидағы жұрттан қашып шыққандай.

Сонау көз ұшында ноқаттай болып көрінген көк түйғындай қиялы әлдеқайда алыстап кеткен.

Бұл — орта бойлы, кең жаурын, арықтау тарамыс денелі, жатаған келген ат жақты сары сұр кісі. Сәл қызғылт тартқан қыран көзді, жуан балуан мойынды. Ашық жүзіне жараса біткен сәл келтелеу қыр мұрнының астында шағын ғана мұрты бар. Қою шоқша сақалы сүп-сүйір. Сақал-мұрты күңгірт сары. Басында жарғақ тысты құндыз тымақ, қара мақпал жеңіл құндыз ішігінің сыртынан бозғылт түйе жүн шекпен жамылған, Аяғында атқа мінуге ыңғайланып тігілген орта қоныш көк салмен өрнектелген саптама етік. Отырған отырысында, тұрған тұрысында ілтипаттық пен тәкаппарлық қатар аңғарылады. Сәл шегір тартқан өткір қырағы көзі қарағанда адамның ту сыртынан өткендей. Сараң қимылы, жұмыла біткен жіңішке еріндері, аз сөйлеп, көп тыңдайтын адамды сездіреді. Егер тұлғасына, көңіл райына қарасаң ішінде тұнып жатқан үлкен ақыл, бұлқынып сыртқа шыққысы келген жігер барын ұғасың.

Бұл Абылайханның немересі, Қасым төренің ортаншы ұлы Кенесары еді.

Кенесары батыр қазақтардың өз тәуелсіздігінен айрылуының **ең басты себебі** — «ортақ өгізден оңаша бұзау артық» деп қарайтын ел ағаларының ауыз бірлігі жоқтығынан деп білетін.

Кенесарының Арқаға оралғысы келуіне тағы да бір себеп бар. Ол — **кек**. Сәмеке, Бөкей, Уәли тұқымдарынан шыққан аға сұлтандарды Қасым балалары өртеп жіберуге бар. Бұл ескіден келе жатқан ескі егес, ел билігіне таласудан шыққан бақастық. Әсіресе Қасым балаларының өші Құдаймендінің Қоңырқұлжасында, Уәлидің баласы Шыңғыс пен оның шешесі Айғанымда, Бөкей тұқымынан шыққан Тәукенің Жамантай, Құсбегі мен Жантөренің Ахметі мен Арыс-танында. Бұл аға сұлтандар Кенесарының да ең аямас жаулары. Балық басынан шіриді, қазақ жерін ақ патшаға беріп отырған осы аға сұлтандар деп кектенеді Кенесары.

**“Ұлпан” романындағы Кенесары бейнесі**

- Қандықол қарақшы
- Елді қанаушы қаныпезер
- Есенейдің жас күнінде оның елін шауып, тыныш жатқан елді орысқа бағындың деп жазалаушы

**“Қаһар” романындағы Кенесары бейнесі**

- Айласы мен ақылы асқан қолбасшы
- Елдің бірлігін ойлаған қоғам қайраткері
- Өзіне бағынбағандарды күшпен басып алу жөн деп санайды
- Артынан көптеген қазақ ауылдарын ерте білді





Әбілғазы

Таймас

енесарының кеңесшілері,  
ыл айтар арқа сүйері

Жүсіп

Нысанбай

Қоңырқұлжа

**Шығармадағы**  
**жағымсыз кейіпкерлер**

Ожар

Орман

